

Алтай – түркілердің алтын бесігі!



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтай – түркілердің ата қонысы. Түркі өркениетінің қалыптасу тарихы» атты ІІ халықаралық ғылыми-практикалық конференция қатысушыларына құттықтау арнады.

Құрметті қауым!

Баршаңызды аса маңызды тақырыпқа – Түркі өркениетінің түп-тамырын зерделеуге арналған ғылыми конференцияның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазірдің өзінде халықаралық ғылыми қауымдастық дүние жүзіндегі түрлі елдердің мықты ғалымдары мен зерттеушілерін тоғыстырған осы беделді форумға әлем өркениетінің жылнамасындағы айрықша географиялық және тарихи құбылыс саналатын Алтай мәселесі арқылы түркі дүниесі туралы пікір алмасып, ақпарат бөлісетін бірегей басқосу ретінде назар аударып отыр.

Көне замандардан бері барша түркінің алтын бесігі болып келе жатқан Алтай бүгінгі әлемдік ғылымның биігінен терең зерттеп-зерделеуді қажет етеді. Мұндай кешенді зерттеулер аңғары аңызға толы қарт Алтайдың бауырынан өсіп-өнген күллі түркі жұртының мәдени ықпалдастығын нығайту жолында ауқымды халықаралық диалог орнату үшін де қажет.

Бүгінде Алтайдың төрт тарабын Қазақстан, Ресей, Қытай, Моңғолия мемлекеттері тең жайлап жатыр. Сондықтан мен жақында Шанхай ынтымақтастық ұйымының Тяньцзинде өткен саммитінде «Трансальтай диалогын» бастау туралы ұсыныс айттым. Бұл қадам біздің елдеріміздің мүддесіне сай келетін ғылыми-гуманитарлық және экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға ықпалын тигізеді.

Ресей әлемдік түркітану ғылымын дамытуға өлшеусіз үлес қосып келеді. Осы бір өте маңызды ғылыми бағыттың алдығын шөбінде жүрген орыс ғалымдарының археология, этнология, лингвистика, нумизматика және түркі елдерінің тарихына тікелей қатысы бар басқа да салалардағы зерттеу жұмыстары әлемдік ғылымның жетістігі саналады. Сондай-ақ, олардың еңбектері қазіргі замандағы бірлік пен ынтымақтың және өзара ықпалдастықтың пәрменді құралы ретінде бағаланады.

Қазақстан да түркітану ғылымын дамытуға айрықша көңіл бөліп отыр. Еліміздің бастамасымен 2010 жылы Астанада Халықаралық түркі академиясы ашылды. Бұл мекеме түркі тілдес және басқа да елдердегі белгілі сарапшылардың ғылыми әлеуетін ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірегей орталыққа айналды.

Біз Алтай аймағындағы мемлекеттермен ғылым-білім саласындағы байланысымызды кеңейтуге баса мән береміз. Қазақстанның беделді жоғары оқу орындарында арнайы кафедралар мен институттар табысты жұмыс істеп тұр. Белгілі ғалымдардың халықаралық ұжымы көп ұзамай жарыққа шығатын Қазақстанның академиялық тарихының екінші томына өз үлесін қосып жатыр. Бұл еңбекке түркология саласындағы ең соңғы жаңалықтар да енгізілетін болады.

Бәріміз күш біріктіріп, түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін дәріптеу жолында көп жұмыс тындырдық. Дегенмен, атқаратын шаруа әлі де көп. Біз түркі дүниесі туралы білімімізді кейінгі ұрпаққа мирас ету үшін оны жүйелей түсугіміз керек.

Басқосу аясында мазмұнды пікірталас өтіп, тың идеялар айтылады деп сенемін. Сондай-ақ, түркі өркениетінің өрісін кеңейтуге қатысты аса маңызды мәселелерді бірлесе зерттейтін ғылыми жұмыстардың бағыт-бағдары айқындала түседі деп ойлаймын.

Конференция жұмысы табысты болсын!
Баршаңызға бақ-береке тілеймін!

Бір әулеттен – үш әлем чемпионы!

Әлемдік аренада көк туымызды желбіретіп, елдің атын асқақтатқан чемпиондардың ең кішкентайы Бекнұр Ибрагим – 14 жаста. Ол жас жеткіншектер арасында 45 келі салмақ дәрежесінде әлем чемпионы атанды. Азамат Ибрагим – 15 жаста, ол жас жеткіншектер арасында 50 келі салмақ дәрежесінде қарсыластарының бәрін жеңді. Ал, 18 жасар Әділет Ибрагим жасөспірімдер арасында 65 келі салмақ дәрежесінде қарсылас шыдатпады.

Осылайша, тұңғыш рет бір әулеттің үш бірдей баласы әлем біріншілігінде жеңіс тұғырынан көрінді. Бұл – отбасыдағы тәрбие мен ұлттық рухтың, қажырлы жаттығу мен бапкерлік мектептің үйлесімді жемісі деп білеміз.



Ибрагим әулеті – бүкіл елге үлгі. Әлем чемпионы атанған жас спортшылардың жетістігіне қарап, отансүйіштік пен еңбекқорлықтың қандай нәтижеге жеткізетінін көруге болады.

Бұл жетістікке жетуге зор үлес қосқан – «Шардара Армспорт» мектебі. Кейінгі жылдары бұл мектептен бірнеше әлем және Азия чемпиондары шығып, өңірдің ғана емес, республи-

каның даңқын алысқа жайды. Бұл жолы олардың табандылығы мен еңбегі бұрын-соңды болмаған тарихи нәтиже әкелді.

Е.ҚОЖАХМЕТҰЛЫ.

Оңтүстік Қазақстан

облыстық қоғамдық-саяси газет

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

WWW.OKG.KZ • okgazeti@gmail.com

№73 (21735) ЖҰМА, 19 қыркүйек, 2025 жыл

Орталық Азия – Корея: ынтымақтастықтың жаңа бағыттары талқыланды

Түркістан қаласында «Түркістан – Ұлы Жібек жолындағы халықаралық ынтымақтастық орталығы» тақырыбында жергілікті өзін-өзі басқару органдарының Орталық Азия – Корея екінші ынтымақтастық форумы өтті. Маңызды шараға Корея мен Орта Азия елдерінен, сондай-ақ, еліміздің өзге де өңірлерінен делегациялар қатысты.

Сессия отырысын Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров ашып, өңірдің инвестициялық мүмкіндіктерін жан-жақты таныстырды.

Басқосуда стратегиялық өріптестікті нығайтудағы өңірлердің рөлі, бірлескен кәсіпорындар құру әлеуеті, агроөнеркәсіптік кластерлерді және тұрақты жеткізу тізбектерін дамыту, корейлік технологияларды суару, агроцифрландыру және логистика саласында қолдану, Қазақстанның ауыл шаруашылығы

өнімдерін экспорттау әлеуеті кеңінен қозғалды. Сонымен қатар, туризм, өңірлік бренд қалыптастыру, туристік маршруттарды интеграциялау және цифрлық маркетинг, мемлекеттік қызметшілерге арналған өңіраралық тағлымдамалар мен оқыту бағдарламалары, бірлескен университеттік бағдарламалар, өңірлерде ғылыми-зерттеуді дамыту және өзге де маңызды мәселелер жан-жақты талқыланып, ұсыныстар айтылды.

Сондай-ақ, делегация мүшелері «Woosong University Kazakhstan» жоғары оқу орнында болып, оның жұмысымен танысты. Сонымен қатар, университет ғимаратында G2B форматында кездесу ұйымдастырылды.

Шет мемлекеттер мен өзге облыстардан келген делегация өкілдері Түркістан қаласының мәдени-рухани орталығын және инвестициялық алаңдарын аралап, ондағы атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Кеше ғана бокстан Англияның Ливерпуль қаласында өткен әлем чемпионатында Сабырхандар отбасынан ағайынды қос чемпион шығып, бүкіл елдің абыройын асқақтатқан еді. Осыдан кейін Ілешала қазақ спорты тарихында бұрын-соңды болмаған тағы бір ерекше жетістік тіркелді. Болгарияда армстреллингтен (қол күресінен) өтіп жатқан әлем біріншілігінде Шардара ауданының үш бірдей спортшысы – бір отбасының үш ұлы әлем чемпионы атанды. Бұл жаңалық облысты ғана емес, күллі қазақстандық жанкүйерлерді қуантты.

«Оңтүстікке» жазылу басталды

Құрметті оқырман! 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу науқаны басталып кетті. Қоғам дамуының қозғаушы күші әрі қуатты құралы баспасөздің өмірімізде алар орны ерекше. Баспасөз, сондай-ақ, ойымыздың кемелдігін, рухымыздың көнендігін айқындайтын ұлы қазына. Сондықтан егер сіз рухани жағынан байып, кемелденгіңіз келсе, облыс және ел жаңалықтарын күнделікті біліп отырғыңыз келсе, әлемдегі орын алған оқиғалардан құлағдар болуды ойласаңыз, «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Жарық көре бастағанына жүз жылдан асқан қолыңыздағы байырғы басылым билік пен бұқара арасындағы дәнекер міндетін адал атқарып келеді. Біз бұл жолдан таймаймыз, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің ұжымы алдағы уақытта да сіздердің талғам-таразыларыңыздан шығуға, рухани қызмет көрсетуге дайын!

6 ай мерзімге жазылу бағасы:
Жазылу индексі: 68464
«Қазпошта» АҚ арқылы
Түркістан облысы бойынша:
Жеке тұлғалар үшін – 3911,20 теңге.
Занды тұлғалар үшін – 8164,96 теңге.

Шымкент қаласы бойынша:
Жазылу индексі: 65464
Жеке тұлғалар үшін – 3911,20 теңге.
Занды тұлғалар үшін – 8164,96 теңге.

«ERNUR-press» ЖШС арқылы
Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша – 3930 теңге.

«Экспресс-пошта» ЖШС арқылы
Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша – 3892,80 теңге.

Шымкент қаласы бойынша тікелей редакция арқылы жазылу бағасы – 2500 теңге.



Қалқаман САРИН

Күз

Күңіренген, күрсінген күздің ауыр,
Мінезіне үйренген біздің ауыл.
Бұйра шаңын көтеріп
қырат-қырдың,
Берекесін бір сәтте бұзды дауыл.

Жанарымда жабырқап
жаз жылады,
Жылағаны емес пе, қаздың өні?!
Қайран менің жүрегім,
қайтқан құстың,
Қанатынан үзілген сазды ұғады.

Жаңа мезгіл желбіреп жалауы тік,
Жаулап алды жер бетін қалауы
ұтып.
Жылы өлкенің жамалын жасқа
шылап,
Қара аспанның көзі тұр
қарауытып.

Жадыраған жаздың да күйі
осал тым,
Мезгілі өтті. Құс жүдеу, ұя салқын.
...Күздің жырын жазады
бір Құдірет,
Бір ғажайып қаламмен сиясы
алтын.